

Ақмола облысы дене шынықтыру және спорт басқармасы
«Бөгенбай батыр атындағы олимпиада резервінің облыстық
мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» КММ



Рабочая учебная программа по дисциплине/ модулю/производственному обучению и профессиональной практике

Интерактивті технологияларды қолдану
(модуль немесе пән атауы) /

Мамандық: 01140500 - " Дене тәрбиесі және спорт "
Специальность: (коды және атауы) / (код и наименование)

Біліктілік: 4S01140503 – " Спорт жаттықтырушысы-оқытушы "
Квалификация (коды және атауы) / (код и наименование)

Оқыту нысаны: күндізгі жалпы орта білім базасында
Форма обучения: очная на базе общего среднего образования

Жалпы сағат саны: 54 ,
Общее количество часов:

Әзірлеуші (-лер) Е.Рахметуллин
Разработчик (-и) Т.А.Ә. (болған жағдайда) (қолы) / (подпись)
Ф.И.О. (при наличии)

Түсіндірме жазба

Бұл бағдарлама техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу жоспарлары мен білім беретін оқу жоспарларына сәйкес (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №72 бұйрығы, 15-20 қосымша) 01140500 «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы бойынша әзірленген.

Курстың мақсаты – ұйымдарды басқару процестерін зерттейтін арнайы пән ретінде интерактивті технологияларды қолдану арнайы білім, білік және дағдыларды меңгеру арқылы студенттердің кәсіби өзін-өзі анықтауына ықпал ету.

Оқу материалының мазмұнының ерекшеліктері мен күрделілігін ескере отырып, оқытудың келесі әдістері ұсынылады: әңгімелесу, пікірталас, ситуациялық есептерді шешу, өндірістік жағдаяттарды талдау, рөлдік және іскерлік ойындар, миға шабуыл, материалды баяндау, жұмыс, микротоптар және т.б.

Пән/модуль сипаттамасы

Қалыптастырылатын құзіреттілік

Міндеттері:

- 1) білімалушылардың ақпараттық процестердің қоғамдағы рөлі жайлы, сондай-ақ ақпараттық технологияларды
- 2) пайдаланудың техникалық мүмкіндіктері мен перспективалары туралы түсінігін қалыптастыру;
- 2) білімалушыларға ақпаратты жіберу үшін желілік технологияларды қолдану;
- 3) талдау, абстракция, үлгілеу мен программалау арқылы білімалушыларға әртүрлі тапсырмаларды шешуді үйрету;
- 3) білімалушылардың жүйелік, қызметтік және қызмет көрсету бағдарламасымен жұмыс
- 4) істеуді үйрету;
- 5) білімалушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру – жалпы ережелерді ұстану және жеке тұлға мен бүкіл Қазақстандық қауымның мүддесін де әрекетету;
- 6) білімалушылардың пән аясында академиялық тілді меңгеруіне және терминологиялық лексиканы байытуға жағдай жасау;
- 7) есептеуіш платформалар негізінде басқарылатын электрондық құрылғыларды құру, программалаудың тәсілдері және қағидаттарымен білімалушыларды таныстыру;
- 8) қазіргі таңдағы программалау ортасында программалау дағдыларын дамыту;
- 9) тәжірибеде қолдану арқылы білімді тереңдету және оқуға деген ынтаны арттыру;
- 10) әртүрлі білім саласында (математика, физика, информатика) алған білімдерін кіріктіріп қолдану;
- 11) ғылыми-техникалық әзірлемелерге деген қызығушылықтарын дамыту;
- 12) білімалушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.
- 13) білімалушыларға компьютерді қолданып, мәтіндік және графикалық, аудио – видео ақпараттарды өңдеуді үйрету;
- 14) білімалушыларға автоматтандырылған бақылаушы және тестілеуші бағдарламалармен жұмыс жасауды көрсету;
- 15) білімалушыларға цифрлық аудио және видео технологияларды қолдану мүмкіндіктерімен таныстыру;
- 16) білімалушыларға интерактивті такта, интерактивті планшет, графикалық планшет, электрондық қарындаш, күнделікті «керібайланыс» аппаратын қолдануды үйрету.

«Интерактивті технологияларды қолдану» пәні бойынша студенттердің білімі мен іскерлігіне қойылатын Мемлекеттік жалпы білім беру стандартының негізгі талаптары

Студенттер білуі тиіс:

- ақпараттық технологиялар негізі;
- мультимедиялық технология туралы;
- қашықтықтан оқыту, on-line режимі туралы;
- «электрондық портфолио» туралы;
- интерактивтік технология туралы;

Студенттердың қолынан келуі тиіс:

- компьютермен жұмыс;
- компьютерді қолданып, мәтіндік және графикалық, аудио – видео ақпараттарды өңдеу;
- автоматтандырылған бақылаушы және тестілеуші бағдарламалармен жұмыс жасау;
- цифрлық аудио және видео технологияларды қолдану мүмкіндіктері;
- электрондық почта, чат, телеконференцияларды қолдану;
- интерактивті такта, интерактивті планшет, графикалық планшет, электрондық қарындаш,
- күнделікті «керібайланыс» аппаратын қолдану.

Семестр бойынша сағаттарды бөлу

Пән /модульдің коды және атауы	Модульдегі барлық сағат саны Всего часов в модуле	Соның ішінде							
		1 курс		2 курс		3 курс		4 курс	
		1 семестр	2 семестр	3 семестр	4 семестр	5 семестр	6 семестр	7 семестр	8 семестр
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Интерактивті технологиялард ы қолдану	54	28	26						
Барлығы:	54		2-сем.зачет						

Күнтізбелік және тақырыптық жоспарлау

№	Тақырыбы	Жалпы сағаттар саны	Теор.	Практ
	1 СЕМЕСТР	28	16	12
	1 бөлім. Интерактивті оқытуды ұйымдастыру	12	12	-
1	Тақырып 1.1 Оқытылатын пәннің мақсатты мен міндеттері	2	2	
2	Тақырып 1.2. Спортшыларды оқыту мен дене тәрбиесіндегі «интерактивтілік» түсінігі	2	2	
3	Тақырып 1.3 Жаттықтырушының компьютерлік сауаттылығы	2	2	
4	Тақырып 1.4.Жаттықтырушының ақпараттық мәдениеті	2	2	
5	Тақырып 1.5. Спортшы мен жаттықтырушының арасындағы жаңа оқу жаттығу формалары	2	2	
6	Тақырып 1.6. Қарым – қатынас формаларының жіктелуі мен қарым –қатынас құралдары	2	2	
	2 бөлім. Интерактивті арнайы құралдар мен құрылғылар. 2.1 Оқытудың интерактивті технологияларының аппараттық қамтамасыздандыруы	16	4	12

	автоматтандырылған мониторингін дайындау жасақтауға арналған бағдарламалар			
	3.5 Мультимедиялық технологиялар			
22	Тақырып 3.5.1 «Мультимедия» түсінігі, мультимедия мүмкіндіктерін дене тәрбиесі мұғалімі мен жаттықтырушы жұмысына пайдалану. Мультимедиялық технологиялардың аппараттық және бағдарламалық құралдары. Дыбыстық және бейнематериалдарды қолдану	2	2	
	3.6 Move Maker бағдарламасының негіздері, жаттықтырушы жұмысында пайдалану мүмкіндіктері			
23	Тақырып 3.6.1 Move Maker бағдарламасының негіздері. Бейне және аудио монтаж жасақтау ерекшеліктері, титрлерді пайдалану. №7 Move Maker бағдарламасында бейне фрагмент даярлау	2	2	
	3.7 «Электрондық портфолио»			
24	Тақырып 3.7.1. Электрондық портфолио педагогикалық іс – тәжірибені жинақтау, жүйелеу құралы. №8 Электрондық портфолио материалдарын жинақтау	2		2
25	Тақырып №9 Электрондық портфолио жасақтау	2		2
	4 бөлім. Спортшыларды оқыту мен тәрбиелеудегі заманауи желілік технологиялар. 4.1 Желілік технологиялар	4	2	2
26	Тақырып 4.1.1. Желілер, желілер топологиясы. Интернет технологиялар. Электрондық пошта, ақпарат іздеу және алмасу	2	2	
	4.2 On-line және Off-line режимдерінде оқыту			
27	Тақырып 4.2.1 On-line және Off-line режимдерін интернет желісінде оқытуда пайдалану. Сынақ.	2		2
	БАРЛЫҒЫ	54	32	22

Пәннің типтік оқу жоспарының мазмұны

1 бөлім. Интерактивті оқытуды ұйымдастыру

Оқытылатын пәннің мақсатты мен міндеттері. Спортшыларды оқыту мен дене тәрбиесіндегі «интерактивтілік» түсінігі. Жаттықтырушының компьютерлік сауаттылығы. Жаттықтырушының ақпараттық мәдениеті. Спортшы мен жаттықтырушының арасындағы жаңа оқу жаттығу формалары. Қарым – қатынас формаларының жіктелуі мен қарым – қатынас құралдары.

2 бөлім. Интерактивті арнайы құралдар мен құрылғылар. Оқытудың интерактивті технологияларының аппараттық қамтамасыздандыруы. Оқытудың интерактивті технологияларының бағдарламаларының қамсыздандырылуы

Дене тәрбиесі мен оқытудың аппараттық жабдыкталуы. Компьютердің негізгі және шеткері құрылғылары. Интерактивті такта және интерактивті технологияның қосымша аппараттық қамтамасыздандыруы. №1 Интерактивті технологияның аппараттық құралдарымен жұмыс.

ACTIV studio-ның құралдар тақтасымен танысу. Activ Studio бағдарламасы: құрал – саймандар панелі, қорлар кітапханасы. Activ Studio бағдарламасының дидактикалық мүмкіндіктері. №2 Дене тәрбиесі бойынша интерактивті бағдарламалық құрал даярлау.

3 бөлім. Спортшыларды оқыту мен тәрбиелеудегі заманауи компьютерлік технологиялар.

Нұсқаушы, мұғалім және жаттықтырушы жұмысына арналған электрондық қорлар

Электрондық автоматтандырылған қорлар. Интернет желісінің қорлары. Интерактивті қорлар. Белсенді және белсенді емес қорлар. Электрондық журналдар. Оқу іс – әрекетін басқарудың автоматтандырылған бағдарламалары. №3 Ақпарат іздеу және электрондық қорларды пайдалану.

Электрондық журналдар. Оқу іс – әрекетін басқарудың автоматтандырылған бағдарламалары. №4 Автоматтандырылған сабақ кестесі. Электрондық журналмен жұмыс. Бақылау және тестілеу құралдарын жасақтау. Автоматтандырылған тестілеу бағдарламаларының кең таралған түрлері. Автоматтандырылған бақылау және тестілеу бағдарламалары. Автоматтандырылған бақылау және тестілеу бағдарламаларын баптау және мазмұндық камтамасыздандыру. №6 Автоматтандырылған тестілеу бағдарламаларында тест тапсырмаларын жасақтау. Kahoot.it тесттік бағдарламасын баптау және қолдану инструкциясы. Жаттықтырушы жұмысы мен спорттық жетістіктерінің мониторингінің критерийлері. Жаттықтырушы жұмысы мен спорттық жетістіктердің автоматтандырылған мониторингін дайындау жасақтауға арналған бағдарламалар. «Мультимедия» түсінігі, мультимедия мүмкіндіктерін дене тәрбиесі мұғалімі мен жаттықтырушы жұмысына пайдалану. Мультимедиялық технологиялардың аппараттық және бағдарламалық құралдары. Дыбыстық және бейнематериалдарды қолдану. Move Maker бағдарламасының негіздері. Бейне және аудио монтаж жасақтау ерекшеліктері, титрлерді пайдалану. №7 Move Maker бағдарламасында бейне фрагмент даярлау. Электрондық портфолио педагогикалық іс – тәжірибені жинақтау, жүйелеу құралы.

№8 Электрондық портфолио.

4 бөлім. Спортшыларды оқыту мен тәрбиелеудегі заманауи желілік технологиялар. 4.1 Желілік технологиялар. On-line және Off-line режимдерінде оқыту

Желілер, желілер топологиясы. Интернет технологиялар. Электрондық пошта, ақпарат іздеу және алмасу. On-line және Off-line режимдерін интернет желісінде оқытуда пайдалану. Сынақ.

Қолданылған әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. М. Қалиева Білім беру технологиялары және оларды оқу-тәрбие үрдісінде енгізу жолдары. – Алматы, «Атамұра», 2002ж.
2. «Интерактивті тақтамен жұмыс» оқулығы, Алматы, «Атамұра» 2007ж.
3. «Бастауыш мектеп», Интерактивті тақта арқылы сабақ беру. 2008ж.

Қосымша әдебиеттер:

1. Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасы Президентінің халқына жолдауы – Петропавл, 2005ж.
2. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы – Астана, 2000ж.
3. Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2008-2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
4. «Қазақстан мектебі» журналы №9, 2004ж.